

Бекітілген.
Әкімшілік: Мектептің Ш.С.
20.11.23ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Топ: «Балапан» ересек тобы Жоспардың құрылу кезеңі: 20.11-24.11.2023ж

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 20.11.2023	Сейсенбі 21.11.2023	Сәрсенбі 22.11.2023	Бейсенбі 23.11.2023	Жұма 24.11.2023
Балаларды қабылдау	«Көңілді смайликтер» арқылы қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, тазалықтарына мән беру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың үйдегі отбасы мүшелерімен қарым қатынасы туралы әңгімелесу. Ата – аналармен пікірлесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау, атын атау), «Ғажайып сандық». Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру. Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне, жануарларына күтім жасау) Балармен жеке жұмыс. «Жыл мезгілдері» Міндеттері: Жылдың қай мезгілі, қай айы келе жатқанын сұрау? Келесі жыл мезгілі туралы не білетіндерін айтқызу. Суреттер арқылы қыс мезгіліне кім қалай дайындалады сұрау? Үй жануарларына қандай күтім керекті туралы ақпарат беру. Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. (қоршаған ортамен танысу)	Міндеттері: Сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылығын арттыру. «Кім жылдам» ойынын ойнату. Тәрбиеші сөз айтады. Балалар сөйлемге айналдырады. Мысалы – «Алма»-алма жедім немесе алма ол жеміс. (сөйлеуді дамыту)	«Үш торай» мультфильмін тамашалату. Міндеттері: Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдірту (көркем әдебиет)	Міндеттері: Бүгін аптаның қай күні? Қазір тәуліктің қай бөлігі? Танертен, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Карточкалардан күн тәртібіндегі кезеңдердің суретін көрсетіп атату. (математика негіздері)	Танертен, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыруды жетілдіру (математика негіздері)
Ертеңгілік жаттығу	Қараша айына арналған танертенгі жаттығуларды орындату (ЖДЖ, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалардың жаңалықтармен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Қысқа дайындық тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> Негізгі қимылдар: <i>Жүру:</i> бағытты және қарқынды өзгертіп жүру <i>Жүгіру:</i> 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру <i>Еңбектеу, өрмелеу:</i> табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу <i>Секіру:</i> 4–5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру <i>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.</i> оңға, солға бұрылу, орнында айналу; <u>Қимылды ойын:</u> Шеңберге түсір</p>	<p>Музыка Педагог жоспары бойынша</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> Негізгі қимылдар: <i>Жүру:</i> бағытты және қарқынды өзгертіп жүру <i>Жүгіру:</i> 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру <i>Еңбектеу, өрмелеу:</i> табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу <i>Секіру:</i> 4–5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру <u>Қимылды ойын:</u> Жоғары лақтыр <u>Спорттық жаттығулар:</u> Велосипед тебу; екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу. Спорт залда</p>	<p>Қазақ тілі Ойыншықтар мен заттарды 4–5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Музыка Педагог жоспары бойынша</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> Негізгі қимылдар: <i>Жүру:</i> бағытты және қарқынды өзгертіп жүру <i>Жүгіру:</i> 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру <i>Еңбектеу, өрмелеу:</i> табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу <i>Лақтыру, қағып алу:</i> допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); <i>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.</i> оңға, солға бұрылу, орнында айналу; <u>Қимылды ойын:</u> Допты қағып ал</p>
	<p>Кітаптар қарау. Таныс ертегі қойылымын жасату. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Қысқа дайындық. Міндеттері: Қар тазалауға арналған құралдарды түрлі пішіндегі және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін сақтап мүсіндету. (мүсіндеу)</p>	<p>Міндеттері: Ертегі желісі бойынша ұжымдық сурет салдырту (сурет салу).</p>	<p>Міндеттері: Сазбалшықтан жасалатын ыдыстарды көрсету және жасату. (мүсіндеу)</p>	<p>«Қысқы зообак» Міндеттері: «Қысқы зообак» тақырыбы бойынша әңгіменің басы мен сонын құрастыруға үйрету. (сөйлеуді дамыту)</p>
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру, дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) .				

<p>Серуен</p>	<p>Бақылау. Максаты: Балабақаша ауласынан жапырақтар, тастар, бұтақтар жинау, санау, салыстыру зерттеу. Геометриялық пішіндердің қайсысына ұқсайтынын анықтату. (математика негіздері)</p> <p>Қимылды ойын «Хан талапай»</p> <p>Еркін ойындар</p>	<p>Бақылау. Максаты: Ауа райын бақылау. Желдің бағытын анықтау. Балабақаша ауласындағы құстарға жем беруді жасату. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Қар бетінде таяқпен жолдар салу. Аяқтарының іздерін бақылату. (сурет салу)</p> <p>Қимылды ойын «Поезд»</p>	<p>Қыс мезгіліне көліктер қалай дайындалады? Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Көлік жүргізушілері ойыны (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Конструктордан көлік құрастыру дағдыларын қалыптастыру (құрастыру)</p> <p>Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»</p>	<p>Бақылау. Максаты: Далада не бар? Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Табиғи заттардан (қардан) әр түрлі құрылымдар құрастырту (құрастыру)</p> <p>Қимылды ойын «Өз түсінді тап»</p>	<p>Кітаптан балалардың сұранысы бойынша кітап оқып беру. (көркем әдебиет)</p> <p>Ауладағы ағаштарды санау, бақылау, салыстыру, қарларын түсірткізу (математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Қимылды ойын «Трамвай»</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).</p>				
<p>Түскі ас</p>	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»</p> <p>Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлыктарды үстелге қою)</p> <p>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p> <p>Ереже айту. (сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Күндізгі ұйқы</p>	<p>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындауға іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру (көркем әрекет)</p>				
<p>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</p>	<p>Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p> <p>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>				
<p>Бесін ас</p>	<p>Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлыктарды үстелге қою, сонынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>«Төрт түлік»</p> <p>Міндеттері: Балалардың дербес әрекеті құрастыру және шығармашылық жұмыстарын орындату. Төрт түлікке құрастыру құралдарынан қора</p>	<p>Міндеттері: Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атауды жетілдіру (бас, аяқтар, қолдар). Еңбек құралдарын оң қолымен солдан оңға қарай орналастыруды</p>	<p>Міндеттері: Топтағы көліктерді санату, салыстыру. Жиын жасату. (математика негіздері)</p> <p>Міндеттері: Топтағы гүлдердің мүсінін жасау</p>	<p>Міндеттері: Жапырақтармен композицияны құрастыру кезінде заттар нысандардың көлемі бойынша</p>	<p>Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттері. Міндеттері: Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарау, өлшемін өлшеу (сурет салу, құрастыру,</p>

	жасату. Төр түлікті төлдерімен жапсырту, суретін салдырту, мүсінін жасату. (құрастыру, мүсіндеу, сурет салу, жапсыру)	пысықтау (математика негіздері) «Оп оңай! Еңбек бәрін жеңбеке» тақырыбында фильм көру. Міндеттері: Өз ойларын айтысу. Топтағы қыс мезгіліне дайындық жұмысын жоспарлап қатыстыру. (көркем әдебиет) Міндеттері: Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта жапсыру әрекетін жасату. (жапсыру)	және қағаздан жасату. (мүсіндеу, жапсыру)	арақатынасын ескеруін қадағалау; (жапсыру) Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	мүсіндеу, жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс	Нұрқасыммен жеке жұмыс. Қылқаламды дұрыс ұстап, пайдалануды үйрету.	Заңғармен жеке жұмыс. Тәулік мезгілдерін ажырата білуге үйрету.	Рахимамен жеке жұмыс. «Сұрақ – жауап» ойынын ұйымдастыру, тілін дамыту.	Нұрасылмен жұмыс. Сурет бойынша әңгімелеуге үйрету.	Хадишамен жеке жұмыс. Әңгімелесу, ертегі кейіпкерлерді атап сипаттау, тілін дамыту.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Пішіндер әнін айтысу. «Торғай» тв (музыка) Еркін ойындар	Еркін ойындар Футбол. Берілген бағытта допты домалату. Допты аяқтарымен бір-біріне домалатуды қайталау; (дене шынықтыру)	Балалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билету. (музыка) Еркін ойындар Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Поезд»	Футбол. Берілген бағытта допты домалату. Допты аяқтарымен бір-біріне домалатуды жетілдіру; (дене шынықтыру) Еркін ойындар
Балалардың үйге қайтуы	Қысқа дайындық туралы әңгімелесуді ұсыну. Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау. Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу.				